



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

16 наурыз, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



КАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Жиында 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын жүзеге асыру аясында қабылданған Ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлердің алдын алу жөніндегі іс-қимыл жоспарының орындалу мәселелері қарастырылды.

Отырыс барысында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр баяндама жасады, сондай-ақ бірқатар мүдделі мемлекеттік орган басшылары мәлімет берді.

Мемлекет басшысы қазіргі жағдайда сын-қатерлер мен ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіпке объективті баға беріп, тиісті шараларды әзірлеу қажет екенін атап өтті.

Жиын соңында ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлердің алдын алу және ұлттық мүддені қорғау жүйелерінің тиімділігін арттыруға бағытталған шешімдер қабылданды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 16 наурызда Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанның шақыруымен Түркі мемлекеттері ұйымының кезектен тыс саммитіне қатысу үшін Анкараға жұмыс сапарымен барады.

Сапар барысында Мемлекет басшысы Түркия Президентімен кездесу өткізеді деп жоспарланып отыр.

СӨЗ БЕН ІС

ӘУЕ ҚАҚПАСЫ: ЖАҢА ТЕРМИНАЛ – ЖАҢА МҮМКІНДІК



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ел ағаларымен бірге әуежайдың жаңа терминалының іргетасын қалау рәсіміне қатысып, жерлестерін береке мен бірлікке бастайтын Көрісу күні – Аман мерекесімен құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Сыр еліне деген қолдауымен аймақта берекелі істер атқарылуда. Облыс орталығында қала көркін еселеп, ажарын айшықтай түсетін бірқатар зәулім ғимараттың іргетасы қаланып, әлеуметтік нысандарды салу сәтті жүзеге асуда. Өздеріңізге белгілі, әуе қатынасы – өзінің ерек-

шелігімен үлкен сұранысқа ие, серпінді дамып келе жатқан саланың бірі. Жолаушылар және жүк ағымын ұлғайту, қызмет сапасын жақсарту үшін әуежайдың жаңа терминалын салу жөнінде шешім қабылданып, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жаңа терминал Болат Өтемұратов қорының қаржысы есебінен салынады.

2-бет



ӨРКЕН

Кеше сондай-ақ облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен тағы бір игілікті шара болды. Аймақ басшысы ел ағаларымен бірге сол жағалауда бой көтерген 40 пәтерлі жаңа көпқабатты тұрғын үйді баспанасы апатты деп танылған тұрғындарға салтанатты түрде тарту етіп, қоныс тойымен құттықтады.

ҚОНЫС ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

– Кейінгі жылдары Сыр өңірінде тұрғын үй құрылысы қарқынды дамып, қала аумағы әлдеқайда ұлғайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Сыр еліне деген қолдауы айқын сезіліп отыр. Облыс орталығында қаланы көріктендіріп, ажарын айшықтай түсетін бірқатар зәулім ғимараттың іргетасы қаланып, әлеуметтік ны-

сандарды салу сәтті жүзеге асуда. Осының алдында жерлесіміз Болат Өтемұратовтың қолдауымен салынатын «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалының іргетасын қалау рәсіміне қатыстық. Терминалдың құрылысы келер жылы аяқталып, ел игілігіне табыстатылатын болады, – деді облыс басшысы.

2-бет



ЖАҢА БАСПАНА – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

ЕҢ БАСТЫСЫ – АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ

Біз тұратын «Аққұм» ауылында кешеге дейін жол мәселесі өте қиын болып келді. Ауылдан трассаға дейін жету мұн болып, көліктер орта жолда батпаққа батып қалатын. Қатты жаңбырлы күндері ми батпаққа батып қалған көлікті сүйреп әкелуге барған екінші, үшінші, төртінші көліктеріміз де батып, трактормен шығарған сәттер де елдің көз алдында. Толғатқан келіндерімізді ауруханаға уақытылы жеткізе алмай, жолда босанып қалған ауыр күндер де болды. Осы бір азапты жағдайды басшыларға ғана емес, өңірдегі сайланған талай депутатқа да айтып, үніміздің жетпегені рас. Біздің өңірден облыстық мәслихатқа депутат болып сайланған Жанкелді Бауырымиз ең бірінші осы мәселеге ден қойды. 2016 жылы наурыз айында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Жанакорған ауданына келген сапарында «Аққұм» елді мекенінің осы ауыр жағдайын құлағдар еттік. Осы жылдары біздің өңірден облыстық мәслихатқа депутат болып сайланған Жанкелді Бауырымиз да алдымен осы мәселені шешуге уәде берді. «Аққұм» елді мекенінің жол құрылысына да, мектепке де қаражат бөлірді. Қаражат бөліріп қана қоймай, өзі сол мәселенің басы-қасында жүрді. «Аққұм» жолына алдымен тас төсетіп берді, 2022 жылы толық асфальттатты. Құрылыс саласын бес саусақтай білетін ол 2017 жылы наурыз айында басталған мектеп құрылысы жобасындағы олықтықты тауып, оның «Талап» топтық су құбырынан Мананқа жүргізілген труба үстінен түскен схемасын жылдам өзгерту үшін жұмысын тоқтатты. Құзырлы орындарға шығып, он күннің ішінде мәселені оң шешіп, құрылыс орнын ережеге сай заңдастырып берді. Келер жылы-ақ жана мектеп бой көтеріп, балаларымыз кен де жарық, еңселі білім ошағында бекеске сай білім алуға ұмтылауда. Бір кілтпен, жоспар бойынша

білім ошағына қарай тартылатын жарық желілерінің жобасы келесі бесжылдықта қаралғанын біліп, бұл жұмысқа да бел шеше кірісіп, 12 км электр желісін тартқызады. Ауылда ертеректе асармен салынған жартысы кесекпен өрілген ескі мелпунктің орнына бюджеттен қаржы бөліріп, жана нысан пайдалануға берілді. Өзінің жауапкершілігіне алған аумақта бар ділімен жұмыс жасап, халыққа қажетті жағдайды жасап берген депутат осындай-ақ болсын. Ауыл халқы Жанкелдіге разы. Ол кішкентай ауылдың мәселесін кішкентай деп қарамайды. Тұрғындардан қандай өтініш-тілек түссе де, соны орындағанына жаны жай таппай жұмыс жасайды. Соның бір көрінісі, Қызылорда-Түркістан арасына қатынайтын пойыздың жүріне де иялап етіп, елдің алғысын алды. «Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары» дейді. Ауылымыздың көсегесін көтеруге осынша бейнет қылып жүрген азаматты қалайша қадірлемесек?! Өзім теміржол бойында станция кезекшісі болып, абыройлы жұмыс атқарып, зейнетке шықтым. Қазір жасым сексенге таяды. Ауыл халқы туған жерден кіндік үзбей, өсіп-өркендегіміз келеді. Азғантай уақыт белірінде өзге жұртпен иығы тенеіліп, жағдайы көп оналған, автокөліктер еш келдіргісіз зулап ағып, шамдары жарқырап, ажары ашылып қалған «Аққұмның» қазіргі келбетінде кемел азамат, үлкен жүректі тұлға Жанкелдінің қолтанбасы айрықша екендігіне, қолға алған істі толық орындамайынша жаны тынбайтынына разылығымызды білдіреміз. Осындай азаматтарымыздың ел мүддесіне бағытталған барлық бағдарламасын құптаймыз. Сайлаушыларының аманатын мүлтіксіз атқаруға барын салған тұлға қандай сенімге де лайық еміз келеді.

Тілеухан МҮСЛІМОВ

«СБ» ақпарат

19 НАУРЫЗ МАРТА 2023

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына №21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша кандидат

Сіздің дауысыңыз – маңызды!

НАР ТӘУЕКЕЛ!

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ОРНАТАМЫЗ!


ЖАЙЫМБЕТОВ МАРХАБАТ

Қаржысы кандидаттың Сайлау қорының қаражатынан төленді. Тапсырыс беруші: М.Ж.Аралбаев.

Ерді ел тудырады. Жанакорған төңірегінде есімі «Жолдыбайдың Ысқағы» деген атпен таныс, бар өмірінде мұрап ретінде елге қызмет етіп, осы шаруаның негізін қалауға атсалысқан тұлға туралы өңір тарихында жазылып қалды. Енді осы кісінің ұрпағы Жанкелді Ойшыұлы ата үрдісін жалғап, дара жолымен танылып жатса, ол да – заңдылық.

Ауыл халқы аманда туындаған мәселелерді шешуде депутаттарға арқа сүйейтін анық. Бұдан бұрын да біздің ауданымыздың атынан облыстық мәслихатқа депутат болып сайланып, халық талабынан көріне білген Жанкелді Бауырымиздың аз ғана уақытта біз тұратын «Аққұм» елді мекенінде бар қажеттілікті жасап бере алғанын үлкен ерлікке тәяйіміз.

Қызылорда облыстық мәслихат депутаттығына №9 сайлау округі бойынша «АМАНАТ» партиясы атынан кандидат Ж.О.Ысқақтың сайлау қорының қаражатынан төленді. Тапсырыс беруші: А.Ахметов



№2 сайлау округі бойынша Қазалы, Арал аудандарынан облыстық мәслихаттың депутаттығына кандидат Тілеп Ібайдулла Тілепұлының сайлауалды бағдарламасы

ӨМІРДЕРЕК



Тілеп Ібайдулла Тілепұлы 1959 жылы Қазалы ауданының Бозкөл ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1974 жылы Қақалы сегіз жылдық мектебін бітірген. 1975 жылы Қызылорда ауылшаруашылық техникумының механика бөліміне оқуға түсіп, оны 1979 жылы тәмамдады. Бұдан әрі білімін жетілдіру үшін 1989 жылы Алматыдағы Қазақтың ауылшаруашылық институтының механика факультетіне оқуға түсті.

Ібайдулла Тілеп еңбек жолын 1979 жылы Қазалы су торабында дизель-электр стансасында машинист болып бастаған. Ерте жасынан техникаға қызығушылығы мол болғандықтан су саласында жемісті еңбек етіп бастады. Алайда 1982 жылы Совет Армиясы қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын өтеуге аттанды. Араға екі жыл салып, абырой аркалап, елге оралған. Шын мықтыға тұсау жоқ. Қызметтегі бастаған шаруасына Отан алдындағы борышын өтеп келгеннен кейін қайта кірісті. 1985 жылы №64 жылжымалы мехколлоннада мастер атанса, уақытпен санаспаған еңбектің арқасында араға бір жыл салып, Қазалы су торабында механик қызметіне тағайындалды. Мұнда да 1 жыл жемісті еңбек етіп, 1987-1992 жылдары «Ремводстрой» тресінің Қазалы автоколлоннасының бастығы болып қызмет атқарған. 5 жылдан кейін автоколлонна тарап, кейін Қазалы аудандық суландыру жүйелері басқармасында екі жыл бас механик болып еңбек еткен. 1995-1997 жылдары №64 жылжымалы-мехколлоннаның бас механигі қызметін абыройлы атқарған.

Су саласында толымды тәжірибе жинап, елге біраз жыл қызмет еткеннен кейін Ібайдулла Тілепұлы өзін басқа бағытта шындап көруге бекінген. 1997 жылдың маусым айында кәсіпкерлікке бет бұрып, «Фирма Тілеп» деген атаумен жеке фирмасын ашты. Бұдан кейін де қызмет көрсету, саудасаттық, мал шаруашылығы бойынша қазалылықтарға қызмет көрсетіп келеді. Бүгінде «Фирма Тілеп» және «М.Т.Транс сервис-2010» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің директоры. Ерінбеген адамға ғана еңбектің берекесі болатыны осындайда байқалады.

Халыққа көрсетілген қалтқысыз қызмет еленбей қоймайды. Тілеп Ібайдулла Тілепұлы Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы құрметіне» медалымен, «Астанаға 10 жыл» медалымен, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» медалымен, «Нұр Отан» ХДП-сының бірінші орынбасары Н.Нағматалиннің Алғыс хатымен марапатталды. Бұдан бөлек, кәсіпкерлік саласында жеткен жетістіктерінің арқасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік «Ерен еңбегі үшін» медалымен, Қазақстан Республикасы Президентінің 4 дүркін Алғыс хатымен марапатталған. Облыс, аудан әкімдерінің алға қойған жоспарларын, мемлекеттік бағдарламалар және шешімдерді жүзеге асыру бағытында жоғары жетістіктерге жеткені үшін «Үздік кәсіпкер» атағына ие болды. Қоғамның әлеуметтік, саяси дамуына қосқан үлесі мен қайырымдылық істері үшін 2021 жылы «Құрмет» орденімен марапатталған. Сонымен қатар 4 дүркін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауалды штабының төрағасы қызметін атқарған.

Елдің істің басында жүрген азаматты әрқашан ел жақтайды. Халықтың мұнын, күрмеуі қиын мәселелерді мінберде көтеріп, оның шешілуіне білек түре кірісе кететін І.Тілепті «Нұр Отан» (AMANAT) партиясының атынан 5 мәрте облыс мәслихатына халық депутат қылып сайлады. Халыққа адал еңбегімен қызмет етіп келе жатқан Ібайдулла Тілеп – өнегелі отбасының басшысы. Жұбайы зейнеткер. Төрт ұл тәрбиелеп отыр. Оның бәріне тәлімді тәрбие беріп, ұяларына қондырды. Әрқайсысы түрлі салада әке жолын қуып, абыройлы қызмет атқаруда.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауы еліміздің жана бағдары басты жеті қағидатқа негізделген. Сол қағидаттардың іске асуына атсалысу;

– Бүгінгі күнге дейін кәсіпкерлік саласында жиган тәжірибемді пайдаланып, өнірдің, ауданның шағын және орта бизнесін дамытудағы бағдарламаларын іске асыруға атсалысу;

– Арал, Қазалы ауданы іргелес жатқандықтан экологиялық, табиғи мәселелері ұқсас келеді. Бұдан бөлек қос ауданда шешілмеген мәселелер де баршылық. Осы орайда Арал, Қазалы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал жасау нақты мақсат-мүддеме кіреді;

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.



Амал келді, Жыл келді!

«14 наурыз – Көрісу күніне» орай облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов көпбейінді облыстық ауруханада ем алушылардың жағдайымен танысып, мерекемен құттықтады.

– Өздеріңізге белгілі, бұл – қыстан аман-есен шыққан ағайын-туыстың бір-бірімен қауышатын күні. Көрісу – жаңа жыл, жаңа өмір, жаңа күн. Бұл күнді Амал мерекесі деп те айтады, яғни, халық көктемге аяқ басып, туған-туыс, көрші-көлеммен жүздескеніне қуанып, қол алысып, төс қағысады. Бір-біріне деген араздық, өкпе-ренішті ұмытып, амандық тілейді. Әулеттің көпті көрген үлкеніне амандық-саулық тілеп, ізеттілікті дәріптейтін, алыстағы туған-туыспен көрісіп, татулыққа бастайтын халқымыздың ежелден келе жатқан мерекесі әр шаңыраққа құт-береке туыстың бір-бірімен қауышатын күні. Емделушілер Нұрымбет Аманұлына алғысын білдіріп, мерекемен құттықтады. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жангелді Мырзагелдіұлы мен медицина саласының ардагері Турғанбай Маханұлы аурухана музейімен қатар кардиохирургия, эндоскопиялық хирургия, №1 хирургия бөлімше жұмыстарымен таныстырды.

№7 сайлау округі бойынша аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Табынбай Есет Жұмабекұлының сайлауалды бағдарламасы



Мен Табынбай Есет Жұмабекұлы 1994 жылы шілденің 1 жұлдызында Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде дүниеге келдім. Ұлым казак. 2012 жылы Әйтеке би кентіндегі №249 мектеп-лицейді тәмамдадым. 2016 жылы Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетін «Тарих» мамандығы бойынша бітірдім. 2016 жылы Қызылорда қаласындағы «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты аудандық «Қазалы» газетінде тілші болып бастадым. Аталған басылымда бөлім басшысы, жауапты хатшы секілді қызмет сатыларынан өттім. Қазіргі таңда «Қазалы» газетінің бас редакторы қызметін атқарамын. Қазақстан Журналистер одағының мүшесімін. Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Жадында тұт жарық күн» жинағының авто-

рымын. Түрлі жылдары мақалаларым мен әңгімелерім, әртүрлі деңгейдегі көтерген мәселелерім облыстық «Сыр бойы», республикалық «Халық», «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш» газеттерінде, республикалық сайттарда жарық көріп келеді. Бала кезімнен спорт пен өнер, зияткерлік жарыстардан аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық байқауларда жеңімпаз, жүлдегер атандым. 2016 жылы Ғани Мұратбаев атындағы жастар сыйлығын иелендім. Қоғамдық жұмыстардағы белсенділігім үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатымен марапатталдым. Отбасылымын, екі бала тәрбиелеп отырмын.

Құрметті сайлаушылар! Қай кезеңде де «Елге қызмет – абыройлы міндет» екендігі рас. Әрбір саналы азамат еліне, жеріне, Отанына титтей де болса іс жасауды үлкен мәртебе көретіні анық. Әрине жалғыз ағаштың орман болмайтыны белгілі. Елдегі бітіп жатқан игі істердің барлығы халықтың бірлігінің арқасында орын алып жатыр деуге толық негіз бар. Көпшілікке белгілі билығы жылдың басты жанылығы 19 наурыз күні өтетін сайлау десек қателеспейміз. «Ер жолдасы – тәуекел» демекші, осы ретте ауданымыздың өсіп-өркендеуіне мен де өз үлесімді қосуды мақсат етіп, Қазалы аудандық мәслихатына «AMANAT» партиясының атынан түсуді жөн көрдім. Бұрынғылардан қалған «Жастық шақ – ерлік жасайтын кезең» деген нақыл бар. Әрине бүгінгі бейбіт күнде «Ерлік» ұғымы да әралуан деп айтар едім. Соның ең негізгісі – замана ағымын доп басып, қажыр-қайратыңды, білім-парасатыңды қоғамның ортақ мүддесіне жұмылдыра білу. Мен де өз кезегімде жинаған білімімді, қарым-қабілетімді ауданымыздың өсіп-өркендеуіне жұмсап, тұрғындарының тұрмыс жағдайының түзелуіне қолғабыс етуге дайынмын. Сайлаушылар сеніміңе шығу үшін

лықтың алдын алу бағыттары бойынша тиісті жергілікті атқарушы органдармен бірлесе жұмыс жасауға; 7. Жастардың өнерге, түрлі үйірмелерге қызығушылығын арттыру бағытында жұмыс жасауға, сонымен қатар талантты жастарымызды қолдауға; 8. Ауданда жастар арасында ұлттық спорт түрлерін дамытуға; 9. Ауданда заманауи түрлі үйірмелердің, спорттық секциялардың жандануына; 10. Жастардың бос уақытын тиімді өткізетін орталықтардың, үстел теннисі федерациясының құрылуына ықпал етуге; 11. Тұрғындар мен жастардың велоспортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі жарыстар өткізілуіне; 12. Талантты, өнерлі, спортта жоғары жетістікке жетіп жүрген жастарды көпшілікке таныту, оларды ынталандыру мақсатында түрлі шаралар өткізілуіне ықпал етуге; 13. Ауданда қайырымдылық жұмыстарымен айналысатын, жалғызбасты аналарға, тұрмысы төмен отбасыларға көмек көрсететін волонтерлік ұйымының құрылуына; 14. Мүмкіндігі шектеулі жандардың, жастардың мәселелерін түрлі деңгейде көтеруге; 15. Жас отбасылардың мәселелерін құзырлы орындарға жеткізуге; 16. Өзім түскелі отырған аймақтың электр желілерінің жанаруына, аяқсу мәселесінің шешілуіне ықпал етуге аянып қызмет көрсетуге күш-жігерімді жұмсаймын. Құрметті сайлаушылар! «Қой асығы деменіз, қолыңа жақса сақа ғой. Жасы кіші деменіз, ақылы асса аға ғой!» деген екен бұрынғылар. Әрине өзімізді астым, тастым демейтін саналы жастың бірінен санаймыз. Мәслихат депутаттығына үміткер ретіндегі мақсат – есті елдің ерулік айтар тұсына жақсы сақа болу! Сондықтан «Ер – туған жеріне, ит – тойған жеріне». Бұл науқанда ел-жұрттың ықыласына бөленіп, саяси аланға шығып, аудандағы көптен шешімі табымай жүрген қордаланған мәселелерді тиісті орындарға ұсынып, жұмыс жасауға білек түре кірістік. Күнделікті өзіміз өмір сүріп жатқан ауданның өсіп-өркендеп, гүлденіп-көркеюіне янарымыз жоқ. Сондықтан сайлаушылар, ел азаматтарымен бірлесіп, түйткілді мәселелердің түйінін тарқатуға келгенде тартынбаймын дегім келеді.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№1 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ БАЙҚОЖАЕВ САКЕН БОЛАТОВИЧ

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№6 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ БОРАНҚҰЛОВ АБАЙ БАЙПАНҰЛЫ

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№7 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ЕЛЕУСІНОВ ӨМІРЗАҚ ТҰРЫМБЕТҰЛЫ

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№7 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ НАУРЫЗБАЕВ ЕРБОЛАТ САБЫРОВИЧ

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.



№1 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
КАНАЛХАН
ЕРМҰРАТ
ҒАНИҰЛЫ**



Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№1 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
САДУАКАСОВ
БАҚЫТЖАН
БЕКЕТОВИЧ**



Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№2 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
БАКБЕРГЕНОВ
НҰРЖАН
КОЖАБАЕВИЧ**



Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№2 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
ДОСЫМОВ
ҚАЙРАТ
АЛМАСҰЛЫ**



Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№2 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
КУРАКБАЕВ
БОЗЖАН
ТҮЛЕУТАЕВИЧ**



Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№2 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
МУБАРАК МАҚСАТ
СҰЛТАНМҰРАТҰЛЫ**



Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№3 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
АМАНДЫҚ
НҰРЖАН
РАИСҰЛЫ**



Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№3 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
МАҚСҰТОВ
ЕРКЕБҰЛАН
МАҚСҰТҰЛЫ**



Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№3 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
МЕНДИБАЕВА
ҮЛМЕКЕН
АБИЛТАЕВНА**



Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

САРАПТАМА СЫРТТАЙ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті облыстағы департаментінің медициналық-әлеуметтік сараптама бөлім мамандары 2021 жылдың 15 қарашасынан бастап, «Мүгедектігі немесе еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу, қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау» мемлекеттік қызметін проактивті сырттай көрсетіп келеді.

Бұл – бір жағынан сыбайластықтың алдын алса, екіншіден мүмкіндігі шектеулі жандар үшін жақсы мүмкіндік. Бұрынғыдай әр есікті жағалап жүрмей, барлығын тек дәрігердің тағайындауы арқылы жүзеге асырады. Мұны цифрландыру дәуірінің үлкен жемісі деуге болады. Биылғы жылдың екі айында 497

адамға медициналық-әлеуметтік сараптама проактивті сырттай жүргізілген, бұл осы мерзімде жүргізілген жалпы 2366 куәландыру санының 21%-ын ғана құрайды. Республикалық көрсеткіш 23,2%, яғни, біздің облыс республикалық деңгейден төмен.

Сырттай куәландыруға пилоттық режимде 12 нозологияға сәйкес келетін диагнозы бар пациенттер жіберіледі. Олар – онкологиялық

аурулар, туберкулез, кан айналым жүйесі аурулары, психикалық ауытқуы бар адамдар, балалардың кант диабеті, Дауна, Лепра, кан аурулары, созылмалы бүйрек жетіспеушілігі – диализде жүрген адамдар, ағзалардың трансплантациялау салдарынан кейінгі аурулар, туа біткен анатомиялық кемістіктер және әртүрлі жаракаттың салдары.

Алгоритмге сәйкес, пациенттің медициналық құжаттарын меди-

циналық-әлеуметтік сараптамаға жіберу медициналық ұйымдарға жүктелген. Құжаттар топтамасын дәрігерлік консультативтік кеңеске ұсынады. Тексеріп- қараудың толықтығын, көлемін және адамды МӘС-ке жіберудің негізділігін жоллама берген медициналық ұйымның төрағасы қамтамасыз етеді. Сондықтан ондағы деректердің толықтығына, сапасына, негізділігіне жауапты. Осыған

орай, алдағы уақытта да сырттай куәландыру жұмысын жандандыру үшін облыстық денсаулық сақтау басқармасымен бірлесіп жұмыс жасай береміз.

Тілекул МЫРЗАХМЕТОВА,
Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары

№4 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
БОРАНБАЕВ
ЕРЛАН
ӨМІРТАЙҰЛЫ**



Каржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№4 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
ИСКАКОВА
БАҚЫТКҰЛ
ЖУМАБЕКОВНА**



Каржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№4 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
КАЙРАНБАЕВА
АЙЖАН
ШИТЫБАЕВНА**



Каржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№5 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
ДҮЗЕЛБАЕВА
САЛТАНАТ
БЕРИКБАЕВНА**



Каржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№5 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
ЖАҚСЫБАЕВ
ЕРЛАН
ЕРКІНҰЛЫ**



Каржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№6 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
ЕЛЕУСІНОВ
АЙДОС
МЫРЗАБЕКҰЛЫ**



Каржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№6 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
МЕРЕКЕЕВ
ЖАРАСБЕК
ҰЛТАНҰЛЫ**



Каржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№6 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
ІДІРІСОВ
РУСТАМ
БОЛАТБЕКҰЛЫ**



Каржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№7 САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША

**ЖАЛАҒАШ
АУДАНДЫҚ
МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА
КАНДИДАТ
БАЙЖАНОВ
ЖАНТАС
НАҒЫМЕТҰЛЫ**



Каржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

БАЙҚАУ

«ҮЙРЕНСЕҢ ӨНЕР-БІЛІМ – ӨШПЕС МҰРА»

А.Тоқмағанбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде Сырдың даңқты шайыры Омар Шораяқұлының 145 жылдығына орай «Орамды ойдың Омары» атты жыр байқауы өтті. Қала әкімінің орынбасары Жанмұрат Сейілов жиылған жұртшылықты Амал мерекесімен құттықтап, талапкер жас өрендерге сәттілік тіледі.

Сб Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

— Кез келген ұлттың өзіндік кескін-келбеті мен болмыс-бітімін айқындайтын — ұлттық мәдениеті. Өздеріңізге белгілі, Сыр елінде өзіндік тарихы қалыптасқан 3 жыршылық мектеп бар. Осы ретте Кармакшы өңірінен шыққан

Омар Шораяқұлының бай мұрасын насихаттап, жас ұрпақтың жадында жанғыртуды мақсат еткен бұл байқаудың берері мол, — деді Ж.Сейілов.

Сондай-ақ, шайырдың ұрпағы, Мәдениет саласының үздігі,

Кармакшы ауданының құрметті азаматы, ақын Серік Ыдырысов жас жыршыларға батасын берді.

Екі кезеңнен тұратын байқау ережесі бойынша талапкерлер Омар Шораяқұлының бір шығармасын және шайырдың дастандарынан үзінді орындады. Байқауға белгілі жырғау, ҚР Мәдениет қайраткері Руслан Ахметов, белгілі жырғау, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының жырғаулармен жұмыс секторының менеджерісі Майра Сәрсенбаева және белгілі жырғау Марат Сүгірбай қазылық етті.

Омар Шораяқұлының казак

әдебиетіндегі мысал жанрына қосқан үлесі ұлттың мәдени тарихында айрықша дараланады. Ол он жеті жасына дейін өз ауылындағы Алдашбай молданың мұсылманша білім алады. Он алты жасынан бастап өлеңді ауызша және жазбаша шығарған. Жырғауға жуық дастан мен мысалдар, екі жүз елуден астам өсиет, лирикалық толғау мен жұмбақ өлең, жыр-терменнің авторы. Алғашқы өлеңдерінде ақындық пен сөз өнерін жырғау қосқан. Діни тақырыптағы жырғаулары мұсылмандықты насихаттап, адамгершілік пен имандылыққа баулиды. Сондай-ақ, мысал жанрын-

дағы туындылары, адалдықты үлгі ететін шығармалары әлі күнге дейін халық жадында сақталып келеді.

Шайыр шығармаларын бүгінде жас буын өкілдері жырлап, насихаттап жүр. Байқаудың жас қатысушылары көрермендердің қошеметіне бөленді. Бірінен-бірі озып, ақын шығармашылығына жаңаша леп қосты.

Байқау нәтижесінде бас жүлдені және «Жыршы бала-2023» номинациясын қызылордалық Нөсер Айдосұлы жеңіп алды. Бірінші орын кармакшылық Мәди Елдес пен қызылордалық Аяулым Әбдімәжитке бұйырды.

Екінші орынды аралдық Инабат Толғанбекова мен кармакшылық Талант Балтабай иеленсе, үшінші орынды кармакшылық Айдана Амантай мен қызылордалық Қаракат Әбдікерім және Жалағаш ауданынан келген Бақытбек Дәулетбек өзара бөлісті. Қызылордалық Ансаған Ділдібекқызы, Рысбек Жанұзақ, Досымжан Құрманғалиев пен кармакшылық Арай Оңғарқызы арнайы жүлдеге ие болды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге Омар Шораяқұлының ұрпақтары атынан қаржылай сыйлықтар табысталды.



№14 сайлау округі бойынша Қызылорда облыстық мәслихат депутаттығына кандидат Ералиев Мағжан Абзалұлының сайлауалды бағдарламасы



Мен, Ералиев Мағжан Абзалұлы 1989 жылы 5 шілдеде Қызылорда қаласында дүниеге келдім. 2007 жылы «Мұрагер» дарынды балаларға арналған мектепті бітірдім. 2014 жылы әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебін сәтті тәмамдап, «Кәсіпорының экспорттық стратегиясын әзірлеу» курсына экспортты басқару саласында білім алдым.

Күрметті жердестер! Достар! 2022 жыл барлығымыз үшін өзгеріс пен жаңару жылы болды. Елімізде конституциялық реформа жүзеге асырылды, қоғам өмірінің барлық саласы жан-жақты жаңартылды.

Менің негізгі мақсатым – халықтың ұсыныс-тілектерін ескеріп, өміріміздің одан әрі дамуы бағытындағы жаңа жоспарларды, жобаларды жүзеге асыру.

Облыстық мәслихатқа депутат ретінде нақты міндеттер қойып, көптеген маңызды жұмыстар жүзеге асырылып, орындалды.

«AMANAT» партиясынан Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты және филиалы жанындағы Қоғамдық кеңестің мүшесі ретінде өмірімізден бірлесіп келесідей жұмыстар жасалды.

Жастар санатынан сайланған депутат ретінде, аймақтағы жастардың бастамалары мен жобаларына жан-жақты қолдау көрсетілді. Біздің бастамаларымыз интеллектуал жастарды қолдау мақсатында облыстық, республикалық деңгейде «Ақыл Батша» сыйысы бастау алды.

Біздің демалу-шілдігімізбен шығармашы жастарды қолдау мақсатында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінен «Алтын домбыра» айтыс орталығы ашылды.

Мұнымен қоса, аймағымыздағы 70 жас ақынын өлең жинақталып, «Сыр сандық» кітабын жарыққа шығардық.

Ардагерлеріміз, жастар, мүмкіндігі шектеулі балалар, шығармашы азаматтар үнемі назарымда болып келеді. Балаларға қуаныш сыйлау мақсатында «Арман ашып» секілі бірегей жобаны жүзеге асырдық.

Жастарға арналған жазғы фестивальдарға, өнер байқаулары, жайдарман сайыстарына және спорттық сайыстарға тұрақты түрде қолдаулар көрсетілді.

Партия қабырғасында тұрақты түрде қоғамдық қабылдаулар өткізіп, тұрғындардың мәселелерін оң шешуге өз үлесімді барынша қостым. Тұрғындар тарапынан 112 мәселе бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, оларды шешу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Халық тарапынан көтерілген мәселелерді басшылыққа ала отырып, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп тиімді жұмыстар атқардық. Менің демалушыларым Қызылорда қаласы, «Мерей» мәлек ауданы тұрғындарының және жастарының сұранысы аясында мәлек аудан тұрғындарына, жастарға арналған құны 3 миллион теңге тұратын спорттық тренажер және ойын алаңы салынды.

Мұнымен қоса, «Рисмас» мәлек ауданы тұрғындарының ұсынысымен К.Маханбетов көшесінің тұйығына та төселді.

Өз кезегінде атқарылған жұмыстарға тұрғындарымыз ризашылығын білдірді.

Күрметті жердестер! Қызылорда облыстық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде өз сайлауалды бағдарламамды төмендегіше ұсынамын.

Менің сайлауалды бағдарламам үш бағым бағытқа айқындалған отыз пункттен тұрады.

Біріншісі. Аумақ тұрғындары үшін қолайлы инфрақұрылым қалыптастыру. Бұл бағытта:

1. Қызылорда қаласындағы Ғ.Мұратбаев пен Яссауи көшелерінің қиылысында теміржол арқылы өтетін жауу жүргіншілер көпірін салуды қолға аламын;

2. Аумақтағы қажетті көшелерді сапалы жөндеуді кезең-кезеңімен жүзеге асыруға атсалдысамын;

3. Аумақтағы жауу жүргіншілер жолдарын қала тұрғындарына және мүмкіндігі шектеулі жандарға сапалы салынуын қолға аламын;

4. «Таза қала – таза аула» мәдениетін қалыптастыру үшін көркейту қолданғы жұмыстарын әрі қарай жандандыруға өз ықпалымды тигізетін боламын;

5. Тұрғындар, жастар мен балалар үшін ойын және спорт алаңдарын көбейту ісін қолға аламын;

6. Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жаңа аудандарда және қалаға қарасты тұрғын аудандармен елді мекендерде ұзындығы 138,5 км инженерлік және коммуникациялық инфрақұрылым құрылысын салу ісі басты назарда болмақ;

7. Сырдария өзенінің сол жағалауындағы барлығы 470 пәтерлі 10 көпқабатты тұрғын үйлердің құрылысын жүргізу ісіне атсалысамын боламын;

8. Аумақтағы арық желілерін қайта қалыптастыру ісін қолға аламын;

9. Қажетті көшелерімізді жарық шамдарымен қамтамасыз етуді жүзеге асырамын;

10. «Smart қала» және «Кәуіпсіз қала» негізінде аумақтағы көпқабатты тұрғын үйлер маңына бейнекамераларды орнату жұмыстарын басты назарға аламын.

ЕКІНШІСІ. Аумақ экономикасын дамыту. Бұл бағытта:

11. Шағын және орта бизнесті дамыту, жас кәсіпкерлерге қолдау көрсету және жасал, жергілікті бюджетке қосымша кіріс көздерін ашуды ұйымдастыруға;

12. Тұрғындарымыздың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған шараларды қолға аламын;

13. 2027 жылға қарай шағын және орта бизнес кәсіпорындарының санын 35 мыңға жеткізуге үлес қосамын;

14. 2027 жылға қарай шағын және орта бизнес жұмыстарын қамтылғандары 60 мың адамға жеткізу басты мекемелігі айналады;

15. Тұрғындарымыздың ұсынысымен қажетті мәлек ауданға «Байқоңыр» ӘКК бірлесіп «Әлеуметтік дүкендердің» ашылуын қолға аламын;

ҮШІНШІСІ. Білімді ұрпақ, кемел жастар жасау. Бұл бағытта:

16. Қызылорда қаласының сол жағалауында 900 орындық мектеп салынуына атсалдысамын;

17. Аумақтағы С.Толыбеков атындағы №3 мектепті 375 орынға ұлғайту жұмыстарын жүргізуді қолға аламын;

18. Аумақтағы І және ІІ және аралығында балабақшамен қамтылуы 2027 жылға дейін 85% ға жеткізуге атсалдысамын;

19. Конкурстық негізде берілетін жас кәсіпкерлерге жылдық 2,5% жеңілдікпен несиелер беру жұмыстарына жастарды көбірек тарту ісін қолға аламын;

20. Жастарды шығармашылық, спорт, өнер бағытында дамыту мақсатында арнайы іс-шаралар жоспарын бекітіп, жан-жақты қолдау көрсететін боламын;

21. Сол жағалауда орналасқан «Жастар орталығы» ғимаратының материалдық-техникалық базасын күшейтуге атсалдысамын;

22. Жастардың жұмыссыздық деңгейін төмендетуге атсалдысамын;

23. Жастарға арналған жаңа тұрғын үй бағдарламасының жылда дәстүрлі түрде жүзеге асуын қолға аламын;

24. Аумақтағы аула клубтарының жұмысын ерекше бақылауға алып, сапалы қызмет көрсету ісін қалағалайтын боламын;

25. Кезең-кезеңімен 2027 жылға дейін 54,5 мың жаңа жұмыс орындарын құру ісіне атсалдысамын;

26. Мүмкіндігі шектеулі жастарымыз бен тұрғындарымыздың бос уақытын тиімді ұйымдастыру ісін қолға аламын;

27. Адам өмірінің мәні, отбасы құндылықтарын жан-жақты насихаттау жұмыстары да назардан тыс қалмайды;

28. Халқымыздың әл-ауқатын арттыру жұмыстарын жүзеге асырамыз, яғни орташа айлық жалақыны 2027 жылға дейін 300 мың теңгеге дейін жеткізу жұмыстарын қолға аламын;

29. Аумағымызға тұрғындарымыздың сұранысына сәйкес қажетті әлеуметтік нысандарды салу жұмыстарын жүзеге асырамын;

30. Аумақтағы ардагерлерімізге жан-жақты қолдау көрсету және ардагерлеріміз бен жастар арасындағы байланысты күшейту жұмыстарын қолға аламын;

Күрметті сайлаушылар! Халқымыз бізден нақты істерді істей отыратынын мен терең сезінемін! Ел аманатын арқалау – аса жауапты іс!

Біз сіздермен бірлесіп жұмыс жасай отырып, бір-бірімізді сеніммен қолданғанда ғана, жоспарларымыз бен бастамаларымыз сәтті жүзеге асыра аламыз.

Сіздердің ұсыныстарыңыз бен пікірлеріңізді тыңдауға және жүзеге асыруға дайынмын!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленеді.

Қызылорда облыстық мәслихат депутаттығына №6 бірмандаттық сайлау округі бойынша үміткер Шаймағамбетов Әмірбек Бердібекұлы

ДАУЫС БЕР! НАР ТӘУЕКЕЛ! ТУҒАН ЖЕРІМ - АЙБАРЫМ, ЕЛ СЕНІМІ - БАЙРАҒЫМ! ШАЙМАҒАМБЕТОВ ӘМІРБЕК

ТУРНИР



Ойлылар ойыны

Тоғызқұмалақ – қазақтың есепке жүйірік екенін дәлелдейтін ойын, Ұлы даланың мұрасы. Облыстық тарихи-өлкетану музейі ЮНЕСКО-мен бірлесіп отырып, жасөспірімдер арасында «Алтын тақта» тоғызқұмалақ турнирін ұйымдастырды. Ойлы оқушылар қатысқан ойын Наурыз мерекесіне және Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенцияның 20 жылдығына орай өткізілген.

Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

Турнирді облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Асылжан Жанмақұлов ашты. Облыстық тоғызқұмалақ зияткерлік қауымдастығының вице-президенті Бауыржан Елеусінов ойыншыларға сөткілі тіледі. – Тоғызқұмалақ ойының тарихы төрт мың жыл бұрын басталған. Ойын жоғары интеллектуалды спорт түріне жатады. Еліміздің әр түрлі өңірінде табылған, тасқа қашалған тоғызқұмалақ тактасының бейнелері де ойынның ертеде пайда болғанын хабар береді. Негізінен екі ойыншының арасында өтеді. Шарты бойынша ойыншы өз қазанына кемінде 82 құмалақ жинап, женіске жетуі керек, – деді ол.

Күрметті қала тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді 18 наурыз күні Наурыз мерекесі аясында ұйымдастырылған ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесіне шақырамыз. Жәрмеңкеде Қызылорда қаласының тауар өндірушілері мен «Байқоңыр» ӘКК-ның қатысуымен ауыл шаруашылығы өнімдері нарық бағасынан төмен бағада сатылады. Жәрмеңкенің өтетін мекен жайы:

- 1. Шанхай шағын ауданы (Жанқожа батыр мен Құлтекенов көшелерінің қиылысында)
2. «Мерей» шағын ауданы (Жұрба көшесі мен Саламатов көшелерінің қиылысында)
3. Астана даңғылының бойы (Женіс көшесі)
4. Ұлыстың Ұлы күні қарсаңында өткізілетін мерекелік жәрмеңкелер барлық аудан орталықтарында жалғасады.

Хабарландыру

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, А.Құнанбаев көшесі, 1Н ғимараты. Реттеліп көрсетілетін қызметтің түрі: суды магистральдық құбырлар мен таратушы желілер арқылы, суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру қызметтері. «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-26 баптарына сәйкес «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы 2022 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушылар алдында есепті тыңдауды 2023 жылдың сәуір айында төмендегі кестеге сәйкес өткізетіндігін хабарлайды.

Table with 4 columns: №, Өндірістік бөлімшенің атауы, Өтетін мерзімі, Өтетін орны. Lists various water supply points and their scheduled maintenance dates.

«Нұра топтық су құбыры» РМК-ның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы

Хабарландыру

«Казгермұнай» БК ЖШС 25.04.2023 ж. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек а. о., Теренөзек ауылы, Д.А.Қонаев көшесі, 8, Теренөзек кентінің Мәдениет үйінде, уақыты – сағат 11:00 «Ақшабұлақ Шығыс кентінің» «КМГ Инжиниринг» ЖШС АФ, 060097, Атырау к., Нұрсауық алаңы, Елорда даңғылы, 10. Жоба бойынша құжаттама БЭҚ-ге esportal.kz сайтында орналастырылған.

Жергілікті атқарушы орган – «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекен-жайы: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, 120003, Сұлтан Бейбарыс көшесі, № 1, электрондық мекенжайы: prd@korda.gov.kz, тел: 8 (7242)-60-53-62.

Ескертулер мен ұсыныстар төмендегі электронды мекенжайлар бойынша қабылданады: prd@korda.gov.kz, https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/press/article/1?lang=kk, Esportal.kz.

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: G.Bekmagambetova@kmge.kz тел.: 8 (7122) 30 54 43.